

**"Қызылорда қаласы Ақсуат, Қызылжарма, Ақжарма, Талсуат, Қызылөзек, Қосшыңырау, Қарауылтөбе ауылдық округтері мен Тасбөгет, Белкөл кенттері бойынша 2020-2021 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарларын бекіту туралы" Қызылорда қалалық мәслихатының 2020 жылғы 24 маусымдағы №350-62/8 шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Мерзімі біткен

Қызылорда қалалық мәслихатының 2021 жылғы 8 ақпандағы № 19-3/11 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 11 ақпанда № 8143 болып тіркелді. Мерзімі біткендіктен қолданыс тоқтатылды

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 26-бабына сәйкес, Қызылорда қалалық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Қызылорда қаласы Ақсуат, Қызылжарма, Ақжарма, Талсуат, Қызылөзек, Қосшыңырау, Қарауылтөбе ауылдық округтері мен Тасбөгет, Белкөл кенттері бойынша 2020-2021 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарларын бекіту туралы" Қызылорда қалалық мәслихатының 2020 жылғы 24 маусымдағы № 350-62/8 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 7548 нөмірімен тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2020 жылы 03 шілдеде жарияланған ) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің орыс тіліндегі 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9-қосымшаларына өзгерістер енгізіліп, қазақ тіліндегі 3, 6 және 8-қосымшаларын қоспағанда өзгеріссіз қалдырылсын;

3-қосымшадағы 7) тармақшадан кейінгі жетінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Табиғи ауа-райының жағдайлары бойынша Ақжарма ауылдық округі күрт құбылмалы ауа-райымен құрғақ далалық аймаққа жатады, олар үшін тән қасиет: көктем - жазғы мезгілінің құрғақшылығы, жазғы жоғары және қысқы төмен ауа температурасы, жыл мезгілі бойынша жеткіліксіз және тұрақсыз атмосфералық жауын-шашын және бір жыл ішінде едәуір желдің жігерлігі.";

6-қосымшадағы 7) тармақшадан кейінгі сегізінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Табиғи ауа-райының жағдайлары бойынша Қосшыңырау ауылдық округі күрт құбылмалы ауа-райымен құрғақ далалық аймаққа жатады, олар үшін тән қасиет: көктем

- жазғы мезгілінің құрғақшылығы, жазғы жоғары және қысқы төмен ауа температурасы, жыл мезгілі бойынша жеткіліксіз және тұрақсыз атмосфералық жауын-шашын және бір жыл ішінде едәуір желдің жігерлігі.";

8-қосымшадағы 7) тармақшадан кейінгі төртінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Табиғи ауа-райының жағдайлары бойынша Тасбөгет кенті күрт құбылмалы ауа-райымен құрғақ далалық аймаққа жатады, олар үшін тән қасиет: көктем - жазғы мезгілінің құрғақшылығы, жазғы жоғары және қысқы төмен ауа температурасы, жыл мезгілі бойынша жеткіліксіз және тұрақсыз атмосфералық жауын-шашын және бір жыл ішінде едәуір желдің жігерлігі."

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қызылорда қалалық мәслихатының кезектен тыс III сессиясының* М. Абдукаликов  
төрағасы

*Қызылорда қалалық мәслихатының хатшысы* И. Кутухуджаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК